

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Қазақ(латын) жазуының тарихы мен бүгінгісі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.10.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/83041/>

Қазақ жазуы — қазақ тілінің әріп таңбаларынан тұратын жазу жүйесі. Көне заманнан бері қазақтар әртүрлі жазу жүйесін пайдаланып келген. Олардың алғашқысы қазақпен бірге басқа да түркі халықтарына ортақ болған руна жазуы. Осы жазу үлгісінде Күлтегін, Білге қаған ескерткіштері сияқты көне түркі мұралары сақталған. V-XII ғасырларды қамтитын руна жазуы Орхон, Енисей, Талас өзендері бойынан табылды. VIII-IX ғасырларда қазақ даласына мұсылман дінінің келуі — араб жазуын ала келді. Араб графикасына негізделген жазу үлгісі 1929 жылға дейін сақталып келді. Яғни осы тұсқа дейін жазылған еңбектер араб жазуы негізінде хатқа түсті. Оны Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім сияқты ұлы тұлғалар қолданды. XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы араб жазуын қазақ тілінің заңдылықтарына орай бейімдеп, қазақ әліпбиін жасады. Осы әліпби негізінде кітаптар жарық көрді, шәкірттер білім алды. Мағжан, Абай, Мұхтар секілді алыптардың еңбектері осы әліпби негізінде жазылды.

Түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы Қазан төңкерісіне дейін көне түрік жазуын, араб (қазақ) жазуын қолданды, ал Қазан төңкерісінен кейін белгілі тіл саясатының ықпалымен 1929 жылы латын графикасына, кейіннен 1940 жылдан орыс алфавитінің негізінде кириллицаға көшкені көпшілікке мәлім.

### 1.1А.Байтұрсынұлы –қазақ (араб) жазуын алғашқы реформалаушы

Қазақтың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі – араб жазуына өзгерістер енгізіп, қазақ әліпбиін (алфавит) құрастыруы. Осы арқылы ғалым қазақ халқының тез сауаттанып хат тануына, оқу білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті.

Ескі араб жазуының халықты сауаттандыру ісін тежейтінін түсінген А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб жазуын қазақ тіліне ыңғайластырып, жақындатуды қолға алады да, оны 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгізеді.

1.2 XX ғасыр басындағы әліппе айтысы араб алфавитін тастап, орыс не латын графикасы негізді жазуға көшу төңірегінде болды.

### 2 Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ жазуының жетілуі

1910 жылдардан бастап А.Байтұрсынов араб жазуын қазақ халқының үндестік заңына ыңғайластырып реформалады, оның реформалаған жазуын түркі жұрты ең озық жүйе деп таныса да, орыс жазуын бірден алу түркі тілді халықтардың қарсылығын туғызатындығын түсінген жаңа түркі (латын) орталық уақытша латын жазуын уағыздап, түркі халықтарына алғаш латын жазуын қабылдатты. 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргіннен кейін латын жазуынан орыс графикасына көшу идеясы көтеріліп, 1940 жылдан бастап түркі халықтары, оның ішінде қазақтар да орыс графикасына халықтардың тілегі бойынша деген сылтаумен көшірілді.

Латын графикасына көшу мәселесі Қазақстанда 1991 жылдан қайта көтерілді. Ол академик Ә.Қайдаровтың президентке жазған үндеуінен басталады. Соңғы жылдары елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды [32]. Мақалада елбасы қазақ тілін біртіндеп 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшіреміз деп мәлімдеді. Латын әліпбиіне көшу қажеттігін осы уақытқа дейін еліміз терең түсініп және Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалғанымызды баса айтты. Шындығында рухани жаңаратын, ұлттық сананы оятып, жазба мәдениетімізді дамытатын уақыт жетті деп есептейміз.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.